



010000, Нұр-Сұлтан қ., Бейбітшілік к-сі, 11 үй
тел.: 55-66-31, 55-66-35, факс: 55-72-94

010000, г. Нур-Султан, ул. Бейбитшилик, 11
тел.: 55-66-31, 55-66-35 факс: 55-72-94

№
19.05.2020 № 3 ге

**Тұрақты комиссияның
2020 жылғы 19 мамырдағы
қаулысы**

**Нұр-Сұлтан қаласында жаппай
бос уақытты өткізу және оның
болашақтағы дамуы туралы**

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының әлеуметтік-мәдени дамуы мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы «Нұр-Сұлтан қаласында жаппай бос уақытты өткізу және оның болашақтағы дамуы туралы» ақпаратты қайтадан тыңдап әрі талқылағаннан кейін, жергілікті атқарушы органның Нұр-Сұлтан қаласында жаппай бос уақытты өткізуді дамуы бойынша атқарып жатқан жұмыстарын атап өтті.

Қалалық мәслихаттың әлеуметтік-мәдени дамуы мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясының 2020 жылғы 17 ақпандағы № 1 қаулысын іске асыру аясында «Нұр-Сұлтан қаласының Мәдениет басқармасы» ММ (бұдан әрі – Басқарма) мәдени саланы дамуы стратегиясы және жаппай бос уақытты өткізудің перспективалары туралы тұжырымдаманы (бұдан әрі – Тұжырымдама) әзірледі.

Тұжырымдама мәдениет саласында азаматтармен қарым-қатынастың диалогтық жүйесін (клиентке бағдарлану) ендіруге, театрлармен жұмыс істеудің жаңа жүйесін енгізуге, мәдени нысандарды инфрақұрылымдық дамытуды, тарихи мұра мен рухани дамуды насихаттауға, елордадағы бұқаралық демалысты дамытуға бағытталған.

Тұжырымдама барлық жас топтарындағы елорда тұрғындары мен қонақтарының мүдделерін қамтиды.

Қоғамды кеңірек ақпараттандыру үшін әлеуметтік желілердегі ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың жұмысын көрсететін пиар-топтар, әлеуметтік желілердегі бағынысты ұйымдардың жұмысының сапасын бағалау жүйесі, бірыңғай билеттер жүйесі (билеттерді бір кассадан сатып алу), картаға түсіру (қала аумағындағы мәдени кеңістіктердің саны теңдестірілген болуы керек). Мәдениет саласындағы өзекті мәселелерді талқылау үшін диалог алаңдары да құрылуда. Тұрғындардың өтініштерін зерттеу де маңызды бағыт болып табылады.

2020 жылы Қазақ театрының жаңа ғимаратын, Жас көрермендер музыкалық театрын, Бөгенбай батыр даңғылындағы Орталық қалалық кітапхананы және электронды кітаптарға қолжетімді заманауи коворкинг орталықтары форматындағы басқа кітапханаларды қайта құру жоспарлануда. «Жастар» сарайының тұжырымдамалыққайта ретке келтіруі жүргізіледі, қазіргі заманғы өнердің халықаралық орталығы және «Art camping» арт-резиденциясы ашылады, Қуыршақ театры, «Жастар» театры ғимаратында жөндеу жұмыстары жүргізілуде, «Абай әлемі» көпфункционалды мәдени-ағарту орталығының және «Бозоқ» мемлекеттік тарихи-мәдени музей-қорығы құрылысы бойынша жобалау жұмыстары жүргізілуде.

Театрлармен жұмыс істеудің жаңа жүйесін енгізу аясында биылғы жылы драматургтер арасында конкурс өткізу, театр қызметкерлері үшін оқу бағдарламалары мен тағылымдамалар ұйымдастыру, актерлік шеберлік бойынша тегін семинарлар өткізу жоспарлануда.

Жоғарыда аталған барлық міндеттерді орындау, соның ішінде театрлардың актерлері мен техникалық мамандарының біліктілік деңгейін арттыру театрлармен жұмыс істеудің жаңа жүйесін енгізуге, репертуардың сапасын жақсартуға, көрермендердің көпшілігін тартуға және кірістерді арттыруға мүмкіндік береді.

Тарихи дәстүрлі өнерді жандандыру, сақтау және дамыту мақсатында айтыс, күй, жыр-терме, дәстүрлі ән және сәндік-қолданбалы өнер мектептерін құру жоспарлануда.

Балаларға арналған мазмұнды қалыптастыру үшін ведомстволық бағыныстағы ұйымдардың базасында демалыс орталықтарын ашу жоспарлануда. Тұтастай алғанда, елорда тұрғындары мен қонақтарының мәдени өмірін байытуға театр және концерттік мәдени орталықтардың, Мәскеу циркінің, музейлер мен кітапханалардың қызметі ықпал етеді.

Музыкалық өнердің барлық жанрлары әлі де Мемлекеттік академиялық филармонияның репертуарындағы тепе-теңдікті сақтауға көмектесетін афишада ұсынылған. 2019 жылы 680 концерттік шара өткізілді.

Шет аймақта тұратын миллионға жуық азаматты спортқа тарту үшін көптеген жұмыстар атқарылуда. 2020 жылы Пригородный тұрғын алабында орналасқан «Аспан» спорт орталығы пайдалануға берілді. Мемлекет басшысының «100 спорттық-сауықтыру орталығы» тапсырмасы бойынша Ильинка, Көктал 2, Өндіріс, Железнодорожный тұрғын алаптарында 4 спорттық-сауықтыру орталықтарын салу жоспарлануда.

2019 жылы 750 спорттық іс-шара өткізілді, оның ішінде: 154 – халықаралық, 191 – республикалық және 405 – қалалық іс-шаралар.

Өткен жылы Нұр-Сұлтан қаласында аулалардың ішінде 38 спорт алаңы салынды: «Сарыарқа» ауданында – 18 футбол және баскетбол алаңы, «Алматы» ауданында – 7 футбол және баскетбол алаңы, «Байқоңыр» ауданында – 9 футбол алаңы, «Есіл» ауданында – 4 футбол алаңы.

Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының әлеуметтік-мәдени даму мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы «Нұр-Сұлтан қаласында жаппай бос уақытты

өткізуді дамыту бойынша қабылданған шараларға қарамастан, бірқатар күрделі проблемалар бар екендігіне де тоқталды.

Елордада егде тартқан адамдардың бос уақытын өткізу мәселесі нашар дамыған.

Театрлармен жұмыс жасаудың жаңа жүйесін енгізу, театрлар репертуарының сапасын жақсарту өзекті мәселе. Сондай-ақ, елорданың кейбір мәдени нысандарының жағдайы да сұрақ тудырады. Балалардың үлкен спорт сарайларына бару мүмкін еместігі туралы мәселе бірнеше рет көтерілді, ал спорт сарайларында 100% пайдаланылмайтын көптеген бөлмелер бар. Саябақтардағы тегін секциялар мен үйірмелердің, велосипед жолдарының санын үнемі арттырып отыру керек.

Мәдени мекемелер мен ведомстволық бағынысты ұйымдардың сайттарына жоғары сапалы мазмұнмен толтыруда өзекті мәселе болып табылады.

Қалалық кітапханаларды, атап айтқанда Орталық қалалық кітапхананы реконструкциялау қажет.

Жоғарыда баяндалғанды ескере келе, Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының әлеуметтік-мәдени дамыту мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Нұр-Сұлтан қаласында жаппай бос уақытты өткізу және оның болашақтағы дамуы туралы» ақпарат назарға алынсын.

2. Нұр Сұлтан қаласының әкімдігіне:

- қалалық мәслихаттың әлеуметтік-мәдени дамыту мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясы 2020 жылғы 17 ақпандағы № 1 қаулысын ескере отырып Нұр-Сұлтан қаласында жаппай бос уақытты одан әрі дамыту жөніндегі жұмысты жалғастыру;

- көптеген көрермендерді тарту үшін театр репертуарының сапасын жақсарту бойынша жұмысты жандандыру;

- егде тартқан адамдардың қажеттіліктерін ескере отырып, мәдениет пен бұқаралық спорт саласындағы проблемалық мәселелерді шешуді кешенді қарау;

- онлайн-көрмелер, қойылымдар мен концерттерді ұйымдастыру бойынша мәдени мекемелер мен ведомстволық бағыныстағы ұйымдар сайттарының жұмысын күшейту.

- айтыс, күй, жыр-терме, дәстүрлі ән және сәндік-қолданбалы өнер мектептерін құру мүмкіндігін қарастыру;

- кітапханаларды электронды кітаптарға кең қолжетімділікті қамтамасыз ету бойынша жүйелі жұмыстар жүргізу;

- жазғы демалыс кезінде балалар мен жасөспірімдердің бос уақытын ұйымдастыру бойынша сапалы жұмысты қамтамасыз ету;

- шахматты дамыту және насихаттау бойынша жұмысты жандандыру;

- балалар мен мүмкіндігі шектеулі жандар үшін спорттық іс-шараларды ұйымдастыру бойынша кешенді жұмысты жалғастыру ұсынылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының әлеуметтік-мәдени дамыту мәселелері жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

**Нұр-Сұлтан қаласы мәслихатының
әлеуметтік-мәдени дамыту мәселелері
жөніндегі тұрақты комиссиясының
төрағасы**



М. Шайдаров